

# Айтыс ақтаңгерімен кездесті



Ш. Уәлиханов атындағы №1 мектепте Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» саласы аясында бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Осы бағытта қаладағы белгілі тұлғаларды, ел жанашыры болып жүрген ұлтжанды азаматтарды жас ұрпаққа таныту мақсатында кездесу кеші ұйымдастырылды.

Кештің басты қонағы - айтыскер ақын, депутат, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және филология» факультетінің деканы Айбек Қалнев болды.

Шара барысында «Айтыстың ақтаңгері» атағының иегері Айбек Киікбайұлының айтыс өнеріндегі, ұстаздық қызметтегі жетістіктері, ақынның алған мадақтамалары,

медалдарынан көрме жасалып таныстырылды.

Оқушылар Айбек Киікбайұлының ақындық өнерге келуі, шығармашылық жолы, айтыс өнеріндегі маңызды айтысы, ұстаздық қызметі туралы сұрақтар қойып, тұшымды жауап ала білді. Сонымен бірге институт жанынан құрылған «М. Дулатұлы әдеби - мәдени бірлестіктің» тұрғыш төрағасы Ғабит Әбілдаев та кездесуге қатысып, ақынның ұстаздық қызметтегі орны, ақындық жолдағы алған асулары туралы әңгімеледі.

Мектептің ұлағатты ұстаздары Қанат Кенжебеков, Сәуле Кенжеғалиева, Хамаруан Құлмұхамбетова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әсел Қапаровалар айтыскер ақынға ұжым атынан жылы лебіздерін білдірді. Жас талант 11 - сынып оқушысы Айзат Сәтбай ақын ағасына өзінің жүрекжарды арнау өлеңін оқып берді.

«Торғай» ақпарат»